

Экономика басқару және құқық факультеті



БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ
НҰСҚАУЛЫҚ

Құрметті бірінші курс студенттері!

Сіздерді өмірлеріңіздегі орын алған маңызды сәтпен құттықтаймын – сіздер Экономика, басқару және құқық факультетінің студенті атандыңыздар!

Экономика, басқару және құқық факультеті Болон декларациясына сәйкес, әлемнің жетекші университеттерінің білім беру саясатының негізгі принциптерін ескере отырып, жобаларды басқару принциптеріне негізделіп, құрылған. Факультетке қарасты «Экономика», «Менеджмент», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Құқықтану», «Құқық қорғау қызметі», «Халықаралық құқық», «Туризм», «Халықаралық қатынастар», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары (мамандықтары) университеттің алғашқы құрылған уақытынан бастап негізі қаланып, жұмыс жасап жатыр, яғни 1991 жылы университет ашылған алғашқы күннен бастап мамандар даярлап, еліміздің экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Экономика, басқару және құқық факультетінің мамандарды даярлаудағы негізгі міндеттері қолданбалы білім беру, гуманистік бағытта тәрбиелеу негізінде жоғары білімді, адамгершілігі мол, отанын қадірлейтін, жоғарғы шығармашылықпен еңбек ететін, ақиқатты жанына жақын тұтатын, білікті, білімді, ел тәуелсіздігін қадірлейтін, рухы үстем, туындаған мәселелерді шешуге бейім, саяси әлеуметтік мәселеде пікір айтатын, заң талаптары мен дербес саяси бағдарламаларға ат салысатын тұлға дайындау. Ал, миссиясы – Экономика, Менеджмент, Қаржы, Есеп және аудит, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Құқықтану, Құқық қорғау қызметі, Халықаралық құқық, Туризм, Халықаралық қатынастар, Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі салалары бойынша білікті, заманауи басымдықтары мен келешектегі талаптарына жауап беретін кәсіптік оқыту, технологиялық дағдылар мен бәсекеге қабілеттілік деңгейі бар жаңа буынын қалыптастыру.

Құрметті бірінші курс студенттері сіздерге ақ жол!

Құрметпен факультет деканы, PhD Акимов Ж.М.

Деканат құрамы:

Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы – PhD

Акимов Жақсылық Махмұтұлы

тел. 8 701 331 17 07 email: zh.akimov@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, № 437 (деканат)

Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орындасары - Сәбидолла Ерсайын Дулатұлы (Студенттік ғылыми зерттеу жұмыстары, Халықаралық байланыстар, Жатақхана, тәрбие және студенттік деканат бойынша жауапты)

тел. email: versaiyn.sabidolla@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, № 426

Оқу ісі жөніндегі декан орындасары –Сәбидолла Ерсайын Дулатұлы (оқу ісі, академиялық ұтқырлық мәселелері бойынша жауапты)

тел. , email: versaiyn.sabidolla@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, №426

Әдіскер - Куралбаева Жанар (курстан курсқа көшу, GPA, транскрипт)

тел. 8 771 805 76 88, email: zhanar.76@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, № 436

Факультет басқару кеңесінің мүшесі - Алимбаева Айсұлу Алмасхановна Оқу-әдістемелік комитет төрағасы

тел. email: aisulu.alimbaeva@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 2 қабат, № 224

Хатшы –Сәтбек Гүлназ

тел. email: gulnaz.satbek@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, № 437

Экономика басқару және құқық факультетінде төмендегі білім беру бағыттары бойынша мамандар даярланады:

**БББ: 6B04142-Экономика, 7M04118-Экономика, 8D04106-Экономика
6B04143-Есеп және аудит, 7M04120-Есеп және аудит
6B04144-Қаржы, 7M04141-Қаржы**

Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі
э.ғ.к., профессор Азретбергенова Гүлмира Жарылхасыновна.
Тел: 8707 857 57 68, Эл.почта: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz
Корпус №1 (ректорат), 2 қабат, каб.№ 220

**БББ: 6B04140-Менеджмент, 7M04119-Менеджмент, 8D04107-Менеджмент
6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 7M04121-Мемлекеттік және жергілікті басқару,
8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару
6B11157-Туризм
6B11180-Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі**

Менеджмент, мемлекеттік басқару және туризм кафедрасының меңгерушісі
PhD. Куралбаев Алмас Ахметкаримович
Тел: 8701 273 50 78, Эл.почта: almas.kuralbayev@ayu.edu.kz
Корпус №1 (ректорат), 2 қабат, каб.№ 209

**БББ: 6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 7M04121-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару
6B03138-Халықаралық қатынастар, 7M03140-Халықаралық қатынастар
7M03117-Саясаттану**

Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі

PhD. Анламасова Мақпал Касымхановна.

Тел: 8 701 657 38 32, Эл.почта: makpal.anlamassova@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, каб.№ 430

**БББ: 6B04245-Құқықтану, 7M04222-Құқық, 8D04208-Құқық
6B04281-Халықаралық құқық
6B04282-Құқық қорғау қызметі**

Құқықтану кафедрасының меңгерушісі

PhD Шалхаров Ернар Сайлаубекович.

Тел: 8 701 553 95 73, Эл.почта: ernar.shalkharov@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 қабат, каб.№ 434

Кафедра меңгерушісінің көмекшісі- Турлыбеков Кайратбек Аманжолович.

Тел: 8 775 382 91 34, Эл.почта: kairat.turlybekov@ayu.edu.kz

Корпус №1 (ректорат), 4 этаж, каб.№ 434

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ!

Сабақтардың басталуына дейін әрбір студент оқып танысу керек :

Білім беру қызметтерін алу туралы келісімшарт :

- келісімшарт бөлімі - №1 аудиториялық корпус, 3 қабат, № 314 аудитория

- грант, жеңілдік квота бөлімі – деканатта.

Студенттің жеке оқу жоспары (деканатта).

Студенттің ар-намыс кодексі (деканатта).

Академиялық адалдықты сақтау ережелері (деканатта).



Университеттің қабырғасында және аумағында тыйым салынады :

-шулау, сабақты жүргізуге кедергі жасау;

-шылым шегу, алкогольді ішімдіктерді ішу; есірткі және басқа да психотроптық заттарды қолдану;

-әдепсіз тілді қолдану және басқа да антисоциальдық мінез-құлықты көрсету;

-Қазақстан Республикасының заңдарына, Қ.А.Ясауи атындағы Хплықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысына, Білім алушылардың Ар-намыс кодексіне қайшы келетін іс-әрекеттерді жүзеге асыру.



Асхана

Университет асханасы Университет кампусында орналасқан.

Оқу үрдісі бойынша ақпарат

Оқу үрдісі кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүргізіледі. Университетте білімді бағалау баллдық-рейтингтік жүйе бойынша сәйкес цифрлы эквиваленттік 4 балдық шкала бойынша жүргізіледі.

Университетте оқыту және бағалау **академиялық адалдық** принциптеріне негізделген.

Барлық пәнді тапсырып, яғни емтиханнан өтіп, бірақ қажетті ауысу балын жинамаған жағдайда өзінің орташа балын көтеру мақсатында кейбір пәндерді жазғы семестрде ақылы түрде оқуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік грант негізінде оқитын студенттер жазғы семестрде де қажетті ауысу балын жинай алмаған жағдайда қайта оқу курсына қалдырылады және ақылы түрде оқуын жалғастырады. Оқу ақысын студент өзі төлейді.

Академиялық ұтқырлықпен қамту бойынша студент кейбір пәндерді басқа оқу орындарынан соның ішінде шет елде оқи алады.

Шәкіртақы

Мемлекеттік грант бойынша қабылданған бірінші курс студенттеріне бірінші жылы алғашқы семестрде ай сайын семестр бойына шәкіртақы төленіп отырады. Келесі семестрдан бастап алдыңғы семестрдың нәтижесі бойынша тағайындалады.

Сіздер барлық туындаған сұрақтар бойынша әрқашан деканатқа және кураторларға хабарласуға болады.

Сіздер үшін университеттің оқу корпустарында «Сенім жәшігі» бар.



Университеттің заңды мекен-жайы: 1612006, Түркістан қ., Б.Саттарханов данғылы 29В

Университет сайты: www.ayu.edu.kz

**Құрметті бірінші курс студенттері, сіздерге қызықты
әрі табысты білім алуларыңызға тілектеспіз!**

